

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН

**Басқарма төрағасы –
ректор, профессор**

М. Төлеген

2023 ж.

**(Басқарма отырысының
хаттамасы**

2023 № 9)



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ

ЖҰМЫС НҰСКАУЛЫҒЫ

ШҚУ ЖН 004-23


Екінші басылым

Көшірме № _____

Енгізу күні _____


Өскемен қаласы

2023 ж. 2023 жылғы 11 мамыр №11

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	19 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Қысқартулар мен түсініктемелер.....	3
4	Терминдер мен анықтамалар	4
5	Азаматтық қорғау	6
6	Өскемен қаласы мен Университеттің қысқаша сипаттамасы	8
7	Өскемен қаласы мен Университет аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезіндегі ықтимал жағдайлар	8
8	Өзгерістер.....	13
9	Келісу, сақтау және тарату.....	14

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	19 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде туындайтын жағдайларда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, олардың бейбіт және соғыс уақытындағы салдарларының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

1.2 Төтенше жағдайларда университеттің жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп-қатерді болдырмау немесе азайту, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағында құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындық бойынша іс-шаралар кешені түсініледі.

1.3 Осы Нұсқаулық бойынша өткізілетін барлық іс-шараларды Жоғары мектеп декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, АҚ құралымдарының құрамы бақылайды.

Осы жұмыс нұсқаулығын университеттің барлық білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлері орындауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы нұсқаулықта келесі нормативті құжаттамаларға сәйкес пайдаланылды:

2.1.1 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2.1.2 «Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі №381 бұйрығы.

3 Қысқартулар мен түсініктемелер

ІСКЖ – ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;


ШҚУ ҚР – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің құжаттау рәсімі;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚжББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ІСКЖБӨ – ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	19 беттің 4 беті

ПБЖҚҚ – персоналды басқару және құқықтық қолдау;
ЖН – жұмыс нұсқаулығы;
ПОҚ - профессорлық-оқытушылар құрамы;
МӨҚ – мемлекеттік өртке қарсы қызмет;
ГЭС – гидроэлектростанция;
АҚ – азаматтық қорғау;
ТЖ – төтенше жағдайлар;
КӘУЗ – күшті әсер ететін улы заттар;
ХҚО – химиялық қауіпті объектілер.

4 Терминдер мен анықтамалар

4.1 Осы нұсқаулықта нормативті құжаттамаларға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:


Авария – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

Авариялық-құтқару жұмыстары – адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды іздеу және құтқару, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, төтенше жағдай аймағында және әскери іс-қимылдар жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау, оларға тән қауіпті факторлардың әсерін оқшаулау және басу немесе ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдар;

Авариялық-құтқару қызметі – бірыңғай жүйеге функционалдық біріктірілген, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі міндеттерді шешуге арналған, азаматтық қорғаудың ұйымдық-біріктірілген басқару органдарының, авариялық-құтқару құралымдары мен құралдарының жиынтығы;

Адамдар жаппай болатын объект – бір мезгілде жүз және одан көп адамның болуына есептелген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, көңіл көтеру орындарының, барлық көлік түрлері вокзалдарының, ғибадат үйлерінің (құрылыстарының) ғимараты, құрылысы, үй-жайы, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан көп адамның болуына есептелген денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараты, құрылысы;

Азаматтық қорғаныс – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 5 беті

Азаматтық қорғаудың арнайы іс-шаралары – азаматтық қорғау қызметтерінің Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғауға бағытталған, жұмыстарды инженерлік, радиациялық, химиялық, медициналық, өртке қарсы, көліктік, материалдық-техникалық, гидрометеорологиялық және өзге де қамтамасыз ету бойынша күні бұрын немесе жедел іс-қимыл жасауы;

Азаматтық қорғау күштері – азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құралымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері;

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі – халыққа және мемлекеттік органдарға адамдардың өмірі мен денсаулығына төнген қатер туралы, қалыптасқан жағдайда әрекет ету тәртібі туралы хабар беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы;

Азаматтық қорғау құралдары – халықты қорғау және азаматтық қорғау күштерін жарактандыру үшін қолданылатын материалдық-техникалық мүлік;

«Баршаның назарына!» құлақтандыру сигналы – төтенше жағдайлар туындау қатері төнген немесе туындаған кезде халықтың назарын аудару үшін дабылдамалар немесе басқа да сигнал беру құралдары арқылы берілетін құлақтандырудың бірыңғай сигналы;

Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі;

Төтенше жағдай – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай;

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар – қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, көлік авариялары мен басқа да авариялардан, өрттерден (жарылыстардан), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар жайылатын (жайылу қатері бар) авариялардан, ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауынан, бөгеттердің бұзылуынан, тіршілікті қамтамасыз ететін электр энергетикасы және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авариялардан болған төтенше жағдайлар;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 6 беті

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар – қауіпті табиғи құбылыстар (геофизикалық, геологиялық, метеорологиялық, агрометеорологиялық, гидрогеологиялық қауіпті құбылыс), табиғи өрттер, эпидемиялар, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдануы салдарынан қалыптасқан төтенше жағдайлар;

Объект – азаматтық қорғау саласындағы талаптар белгіленген немесе белгіленуі тиіс, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкі, мемлекеттік мүлік, оның ішінде үйлер, ғимараттар, құрылыстар, технологиялық қондырғылар, жабдық, агрегаттар және өзге де мүлік;

Төтенше жағдайлардың алдын алу – күні бұрын жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, олар туындаған жағдайда материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені.


5 Азаматтық қорғау

5.1 Азаматтық қорғау ұғымы.

5.1.1 Азаматтық қорғау – өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені.

5.1.2 Азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері:

- төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;
- төтенше жағдайлар туындаған кезде бейбіт уақытта және соғыс уақытында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы адамдарды құтқару және эвакуациялау;
- азаматтық қорғау күштерін құру, оларды даярлау және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын даярлау және халықты оқыту;
- қорғаныш құрылыстарының қажетті қорын, жеке қорғану құралдарының запастарын және азаматтық қорғаныстың басқа да мүлкін жинақтау және әзірлікте ұстап тұру;
- төтенше жағдай туындау кәтері туралы болжам болған кезде күні бұрын және (немесе) төтенше жағдай туындаған кезде жедел халыққа, азаматтық қорғаудың басқару органдарына хабар беру және құлақтандыру;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 7 беті

– азық-түлікті, су көздерін (шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарын), тағамдық шикізатты, жемді, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивтік, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зарарланудан, эпизоотиядан және эпифитотиядан қорғау;

– өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– құлақтандыру және байланыс жүйелерін құру, дамыту және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;

– қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың қауіпті факторларының әсер етуін азайту немесе оларды жою жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу, оны әзірлеу және іске асыру;

– мемлекеттік резервті қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

5.1.3 Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі – ҚР-ның халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне басшылықты:

– республикалық деңгейде – ҚР-ның Үкіметі;

– аумақтық деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері;

– объектілік деңгейде – ұйымдардың жетекшілері;


– салалық кіші жүйелерде – орталық атқарушы органдардың жетекшілері жүзеге асырады.

5.2 "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕ АҚ азаматтық қорғауды енгізу.

5.2.1 Азаматтық қорғауды ұйымдастыру және жай-күйіне жауапты университеттің басқарма-төрағасы-ректор болады. Ол азаматтық қорғау бастығы, университеттегі азаматтық қорғау бойынша барлық практикалық қызметті ұйымдастырушы болып табылады.

5.2.2 Азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету және осы мақсатта күштер мен құралдарды дайындау үшін азаматтық қорғау және еңбекті қорғау штабы құрылады, олар азаматтық қорғау бастығына тікелей бағынады.

5.2.3 Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау штабы өз жұмысын университеттің азаматтық қорғау бастығының шешімі негізінде ұйымдастырады және жүргізеді. Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау штабының жетекшісі университеттің азаматтық қорғау бастығының АҚ және ТЖ мәселелері бойынша орынбасары болып табылады. Оған азаматтық қорғау бастығының атынан университетте АҚ және ТЖ мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер беруге құқық беріледі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 8 беті

5.2.4 Бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған азаматтық қорғау күштері ұйымда азаматтық қорғау құралымдары болып табылады.

5.2.5 Университеттің азаматтық қорғау бастығы азаматтық қорғау құрылымдарының жеке құрамын кәсіби даярлауға, оларды қазіргі заманғы техникамен, жабдықтармен, жарақтармен, басқа да материалдық құралдармен жарактандыруға және тұрақты әзірлікте ұстауға дербес жауапты болады.

6 Өскемен қаласы мен Университеттің қысқаша сипаттамасы

Өскемен қаласы Алтай бөктерінде, облыстың солтүстік-батысында Үлбі мен Ертіс өзендерінің түйіскен жерінде орналасқан. Қаланың негізгі бөлігі Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Климаты күрт континенталды, қаңтардың орташа температурасы -15-20 оС, шілденің орташа температурасы + 20-25 оС. Орташа желдің бағыты 100-150 м және одан жоғары – батыс және солтүстік-батыс.

Университетте сегіз оқу ғимараттары мен төрт студенттер үйі бар, Өскемен қаласында бойынша келесі мекен-жайларда орналасқан:


- №1 оқу ғимараты 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 34;
- №2 оқу ғимараты Бажов көшесі, 7;
- №3 оқу ғимараты 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 36;
- №4 оқу ғимараты Қ. Ысқақ көшесі, 2а;
- №5 оқу ғимараты Қазақстан көшесі, 55;
- №7 оқу ғимараты Шәкәрім даңғылы, 148;
- №8 оқу ғимараты Қ. Бітібаева көшесі, 18/1;
- №9 оқу ғимараты Крылов көшесі, 72;
- №1 студенттер үйі Д. Менделеев көшесі, 7;
- №3 студенттер үйі 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 42;
- №4 студенттер үйі 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 40;
- №5 студенттер үйі 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 38;

Барлық ғимараттар мен құрылыстар алып жатқан жер учаскесі 65,5 га құрайды.

7 Өскемен қаласы мен Университет аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ кезіндегі ықтимал жағдайлар

7.1 Жер сілкінісі қаупі кезіндегі ықтимал жағдай.

Өскемен қаласы 7-8 баллға дейін жер сілкінісі мүмкін аймақта орналасқан. Жер сілкінісі кезінде шынылар сынады және ұшады, сөреде жатқан заттар құлайды, кітап сөрелері мен аспа шамдар шайқалады, төбенің балшығы құлайды, қабырғалар мен төбелерде сызаттар пайда болады. Бұның

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 9 беті

барлығы қатты шуылмен бірге болады. 10-20 секунд сілкілегеннен кейін жер асты дүмпулері күшейе түседі, нәтижесінде ғимараттар мен құрылыстар қирай бастайды. Барлығы он шақты күшті дүмпулер бүкіл ғимаратты киратады. Жер сілкінісі орта есеппен 5-20 секундқа созылады. Сілкініс ұзаққа созылған сайын зардаптар ауырлау болады.

7.1.1 Жер сілкіну кезінде қалай әрекет жасау туралы нұсқаулық:

Ғимараттың тербелгенін сезген соң, шамдардың шайқалғанын, заттардың құлағанын көрген соң, үдеп келе жатқан шуды сынған шынының сынғырын естіген соң байбалам салмаңыз (бірінші дүмпулерді сезгеннен бастап ғимарат үшін қауіпті тербелістерге дейін Сізде 15-20 секунд уақытыңыз бар). Жылдам құжаттарды, ақша және қажетті заттарды алып ғимараттан шығыңыз. Жайлардан шыққан кезде лифтіні пайдаланбай басқышпен түсіңіз. Көшеге шыққаннан кейін ғимараттардан алшақтау, ашық кеңістікке барыңыз. Сабырлық сақтап, өзгелерді де тыныштандыруға тырысыңыз!

Егер Сіз еріксіз бөлмеде қалып қойсаңыз, қауіпсіз жерге тұрыңыз: ішкі қабырғада, бұрышта, ішкі қабырға ойығында. Мүмкіндік болса үстелдің астына тығылыңыз – ол Сізді құлаған заттар мен сынықтардан қорғайды. Терезелер мен ауыр жиһаздардан аулақ тұрыңыз. Егер де Сіздермен балалар болса – оларды өзіңізбен қалқалаңыз!

Тұтатқыштарды, сіріңкені, шамдарды қолданбаңыз – газ ағып кетсе өрт шығу мүмкіндігі бар. Балкондардан, карнизден, парапеттен алшақ тұрып, жұлынған сымдардан сақтаныңыз.


Егер де Сіз автомобильде болсаңыз, дүмпулер тоқтағанға дейін автомобильден шықпай ашық жерде болыңыз. Басқа адамдарды құтқару кезінде көмек көрсетуге дайын болыңыз.

7.1.2 Жер сілкінісінен кейін не істеу туралы нұсқаулық:

Мұқтаждарға алғашқы көмек көрсетіңіз. Жеңіл алынатын үйінділерге түскендерді босатыңыз. Абай болыңыз! Балалардың, науқастар мен карттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз. Оларды тыныштандырыңыз. Аса қажетсіз телефонды пайдаланбаңыз. Радиохабарды қосыңыз. Жергілікті билік, табиғи зілзала зардаптарын жою бойынша штабтың нұсқауларына бағыныңыз.

Электр өткізгіштерде зақым келгенін тексеріңіз. Ақаулықты жойыңыз немесе пәтердегі электрді ажыратыңыз. Күшті жер сілкінісі кезінде қалада электрдің автоматты түрде ажыратылатындығын есте ұстаңыз.

Газ және су құбырлары ақауларының бар-жоғын тексеріңіз. Ақаулықтарды жойыңыз немесе желілерді ажыратыңыз. Ашық отты пайдаланбаңыз. Баспалдақтан түсер кезде абай болып, оның беріктігіне көз жеткізіңіз. Қираған ғимараттарға жақындамаңыз, оған кірмеңіз. Қайталанбалы дүмпулерге дайын болыңыз, ол жер сілкінісінен кейін алғашқы 2-3 сағатта өте қауіпті. Ғимараттарға аса қажет болмаса кірмеңіз. Қайтадан мүмкін болатын дүмпулер туралы ойдан еш нәрсе айтпаңыз. Ресми

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 10 беті

ақпаратты ғана пайдаланыңыз. Егер де Сіз үйіңдіде қалып қойсаңыз, қалыптасқан ахуалға байыппен бағалап, мүмкіндігінше өзіңізге өзіңіз медициналық көмек көрсетіңіз. Үйіңдінің сыртындағы адамдармен байланыс орнатуға тырысыңыз (дауыспен, тоқылдатып). От жағуға болмайтынын, унитаздан су ішуге болатынын, ал құбырлар мен батареяны белгі беру мақсатында пайдалануға болатындығын есте ұстаңыз. Күшіңізді үнемдеңіз. Адам азықсыз жарты айдан аса уақыт өмір сүре алады.

7.2 Су тасқыны қаупі кезіндегі ықтимал жағдай.

Өскемен қаласындағы су басу қаупі Өскемен және Бұқтырма ГЭС бөгеттерінің толық қирауы кезінде, сондай-ақ Үлбі өзеніне судың апатты көтерілуі кезінде туындауы мүмкін. Су басу аймағын азайту мақсатында Өскемен су қоймасының шұғыл төгілуі мүмкін. Бұл Ертіс өзенінің арнасына 4,5 м су көтеруге әкеледі.


7.2.1 Су тасқыны кезінде қалай әрекет ету туралы нұсқаулық:

Су тасқыны қаупі және көшіру туралы дабылды алғаннан кейін күттірместен, белгіленген тәртіп бойынша өзімен бірге қажетті заттар мен бұзылмайтын азық-түліктің екі күндік қорын алып апаттық су басуы ықтимал қауіпті аумақтан белгіленген қауіпсіз аумаққа немесе дөңестеу жерлерге барыңыз (шығыңыз). Көшіру пунктіне жеткеннен кейін тіркеліңіз.

Үйден кетер алдында электр қуаты мен газды сөндіріңіз, отын жағу пештеріндегі отты өшіріңіз, ғимараттың сыртындағы барлық қалқитын заттарды бекітіп қойыңыз немесе қосымша жайларға орналастырыңыз. Егер де уақытыңыз болса үйдегі құнды заттарды шатырға немесе жоғарғы қабаттарға орналастырыңыз. Есіктер мен терезелерді жауып, қажет болса және уақыт жеткілікті болса бірінші қабаттың терезелері мен есіктерін сыртынан тақтайлармен жабыңыз. Оған қоса, үнемі апат туралы дабылды беріңіз: күндіз – жақсы көрінетін шүберекті ағашқа байлап іліп немесе бұлғау, ал түнде жарықтық дабылмен және дауыс беру қажет. Құтқарушылар келген кезде дүрбелең тудырмай, сақтық шараларын сақтай отырып, жүзу құралдарына көшіңіз. Құтқарушылардың талаптарын мүлтіксіз сақтап, жүзу құралдарының шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу керек. Қозғалу кезінде белгіленген орындардан кетпей, бортқа отырмаңыз, экипаждың талаптарын мүлтіксіз орындаңыз. Су басқан ауданнан тек қана зардап шеккендерге медициналық көмек қажет болғанда жағдайлар, су деңгейінің көтерілуінің жалғасуы, жоғарғы қабаттарды (шатырларды) су басу қаупі болу сияқты себептер болған кезде ғана өздігінен кетуге кеңес береді. Бұл кезде сенімді жүзу құралы болып және қозғалыс бағытын білу керек. Өздігінен шығу кезінде апат дабылын беруді тоқтатпау керек. Суда малтып жүрген және батып жатқан адамдарға көмек көрсетіңіз.

Егер адам батса:

Батып жатқан адамға жүзетін зат лақтырып, оны сергітіңіз, көмек шақырыңыз. Зардап шегушіге бару кезінде өзен ағысын ескеріңіз. Егер

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 11 беті

батушы адам өзінің іс-әрекеттерін бақыламаса, оның артынан жүзіп барып, шашынан ұстап алып, жағалауға сүйреңіз.

7.2.2 Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету туралы нұсқаулық:

Ғимаратқа кірер алдында қандай-да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз (жиналып қалған газдан тазарту үшін). Жайларды толық желдетпейінше және газбен қамту жүйесінің жарамдығын тексермейінше электрді қоспаңыз, ашық отты пайдаланбаңыз және сіріңкені жақпаңыз. Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығарыңыз.

7.3 Қатты әсер ететін заттар шығаратын химиялық қауіпті объектілердегі авария қаупі кезіндегі ықтимал жағдай.

Өскемен қаласының аумағында технологиялық процестерде пайдаланатын және күшті әсер ететін улы заттарды сақтайтын шамамен 20 шаруашылық объектісі бар.

Химиялық қауіпті объектілер – өзінің өндірісінде күшті әсер ететін улы заттарды (КӨУЗ) (хлор және аммиак) сақтап және қолданатын объектілер, оларда болатын авариялар адамдардың (улануына), жануарлар және өсімдіктердің жаппай зақымдануына әкелуі мүмкін (Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар).


Химиялық қауіпті объектідегі авария кезінде, ХҚО жақын орналасқан объектілерге және тұрғындарға дабылды қосу арқылы, бірыңғай «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» сигналы беріліп, құлақтандырылады. Осы сигнал бойынша барлық жергілікті радиоларды, телеарналарды қосып, ТЖ туралы хабарламаны және өзін қалай ұстау керектігін тыңдау керек.

Ақпаратта баяндалады:

- авария қай объектіде болғандығы жөнінде;
- күшті әсер ететін улы заттармен зақымдалған бұлттың таралу бағыты мен ауқымы;
- зақымданған аймақтан қай жаққа қарай (қай ауданға) шығу керектігі айтылады.

Ақпаратты тыңдап, зақымданған аймақта қалып қойған адамдардың іс-әрекеті:

- тыныс алу органдарын қорғауды қамтамасыз ету – қолдағы қорғаныс құралдарымен (суланған орамал, қолғап, мойынорағыш, ескі-құсқы заттар);

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 12 беті

– терезені жабу, газды, электржылытқышты және тұрмыстық аспаптарды сөндіру, пештегі отты сөндіру;

– балаларды киіндіріп, қажетті жылы киімдерді және азық-түлікті, дәріқорапты алу, көршілерді ескерту;

– тез және дүрлікпей көрсетілген бағытпен ұйымнан, үйден шығу керек;

– егер Сіз «**БАРШАНЫҢ НАЗАРЫНА!**» сигналын далада жүргенде естісеңіз, мұндай жағдайда құқық қорғау органдарының – қоғамдық тәртіпті қорғау қызметінің нұсқауына сәйкес әрекет ету керек.

Зақымданған жерде жүрген кезде келесі ережені сақтау керек:

– бұрынғы орнынан 1,5 км кем емес ара қашықтыққа жақсы желдетілетін желдің бағытына перпендикуляр бағытқа қарай (өсімдік өспейтін биік жерге) тез қимылдап, АҚ және ТЖ қызметтерінен әрі қарай нұсқау алғанша болу керек;

– жабық аулалардан, төмен жерлерден, тығыз салынған учаскелерден аулақ болу керек;

– теріде, аяқ киімде, киім-кешекте күшті әсер ететін улы заттың тамшысын байқап қалсаңыз, оны қағаз, ескі-құсқы затпен немесе орамалмен сүртіп тастау керек;

– қажет болған жағдайда балаларға, қарттарға немесе өздері жүре алмайтындарға көмек көрсету қажет;

– зақымданған аймақтан шыққаннан кейін міндетті түрде санитарлық тексерістен өту керек.

КӘУЗ-бен уланған жағдайда:

Хлормен – кеуде аурады, көз ашиды, жасаурайды, құрғақ жөтел пайда болады, құсады, жүрісінің бұзылуы, алқыну;

Аммиак – тұмаурата бастайды, жөтел пайда болады, тыныс алу қиындайды, тұншығу, тамырдың соғу жиілігі бұзылады, терінің беті зақымданады (күйдіреді, тері қышиды, қызарады, көз ашиды, жасаурайды).

Алғашқы көмек көрсету:


– зардап шеккен адамды зақымданған аймақтан таза ауаға шығарып, жылы жерге жатқызып тыныштықта қалдыру керек және терісін, кілегей қабықты сумен жуу қажет;

– хлормен уланған кезде – 15 минут ас содасының 2% ертіндісімен (бір стакан суға –1,5-2 шай қасық ас содасымен), судың буына демалдырып және ыстық сүт ішкізу керек;

– аммиакпен уланған кезде – 15 минут бөр қышқылының 5% ертіндісімен, жылы сүт беріп, көзіне таза су, мұрнына жылы сұйық май тамызады. Қатты уланған жағдайда ауруханаға жатқызу керек.

7.4 Жарылу қаупі туындаған кезіндегі ықтимал жағдай.

Университеттің нысандары жарылу қаупіне жатпайды. Тез тұтанатын сұйықтықтар мен жарылыс қаупі бар материалдар аз мөлшерде.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 13 беті

Объект аумағында өрттің туындау себептері:

- электр жабдықтарының ақаулығы;
- өртке қарсы қауіпсіздікті сақтамау;
- көрші объектілердегі авария;
- сөндірілмеген от қалдықтары;
- жанар-жағармай материалдары сіңірілген шүберек;
- жер сілкінісі (екінші факт);
- атмосферадағы найзағай құбылыстары және т. б.

Әрбір қызметкер өртті көрген кезде МІНДЕТТІ:

- Жағдай бойынша 101 немесе 112 телефоны арқылы мемлекеттік өртке қарсы қызметіне тез арада хабарлауға (ары қарай - МӨҚ);
- Құтқару және адамдарды шығару, өртті сөндіру және құнды заттарды сақтау бойынша нақты шаралар қолдануға.

Өрт орнына келген құрылымдық бөлімшенің жетекшісі немесе басқа лауазымды тұлға МІНДЕТТІ:

- Өрт шыққандығы туралы МӨҚ қосымша хабарлауға және жоғарыдағы жетекшілерді ескертуге;
- Өртке қарсы қорғану автоматтық жүйелерінің іске қосылуын тексеруге (*өрт бойынша адамдарға хабарлауға*);
- Қажет болған жағдайда электр жүйелерін сөндіріп (*өртке қарсы қорғану жүйелерінен басқа*), желдету жүйе жұмыстарын тоқтату, басқада өрттің өршуін тоқтатуға және ғимарат ішінің түтіндену себептерін болғызбауға қарсы шаралар қолдануға;
- МӨҚ бөлімшелерінен келген кездеріне дейін (*аймақтық спецификалық ерекшеліктерін еске ала отырып*) өртті сөндіру бойынша жалпы басшылық етуге;
- Өрт сөндіруге қатысқан жұмысшылардың қауіпсіздік талаптарды сақтауларын қамтамасыз етуге;
- МӨҚ бөлімшелерін қарсы алуды ұйымдастыру және өрттің басталған жеріне жақын жолды және өртке қарсы сумен қамтамасыз ететін жерді таңдауды ұйымдастыруға;

Өрт сөндіру бөлімшелерінің келген кезде ұйым жетекшісі (немесе орнындағы адам) өрт сөндіру жетекшісін нысанның құрылыс ерекшеліктерін, оған жалғанған құрылыстардың, құрылыста сақталған тез тұтанғыш заттардың ерекшеліктері мен мөлшерін және нысанда қолданылатын материалдар, қауіпті және жарылғыш заттар және тағы басқа өртті сәтті сөндіруге қажетті мәліметтерді айтуға міндетті.

8 Өзгерістер

8.1 ЖН-на өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 14 беті

түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы ЖН орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ЖН-на өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші жүргізеді. ЖН-на өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін ҚБЖ, ҚҚжББ және СХЫжАБ жауапты болады.

8.3 ЖН-н тексеру кезеңділігі туралы бақылау парағына міндетті түрде жазбаны енгізумен үш жылда бір реттен кем емес ҚБЖ-мен қайта қаралады.

8.4 ЖН-на өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:

– нормативтік құжаттарға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заң күші бар құқықтық актілер;

– басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;

– құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

– құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

– СІКЕЖЖБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген

ҚБЖ-нің қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде ЖН ауыстырылуы тиіс.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған ЖН-ның барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

8.7 ЖН-ның ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ, ҚҚжББ және СХЫжАБ жауапты болады.

8.8 Күші жойылған ЖН күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ЖН-н келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

9.2 ЖН-н ҚБЖ әзірлейді.

ЖН мыналармен келісіледі:

– ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

– инновациялық даму және коммерцияландыру департаментінің директорымен;

– құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісімен;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Азаматтық қорғау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ШҚУ ЖН 004-23	18 беттің 15 беті

- персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісімен;
- комплеанс-офицермен;
- заңгер-кеңесшімен.

9.3 ЖН басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 ЖН-ның түпнұсқасы ҚҚЖББ-нде сақталады, оның сақталуына ҚҚЖББ-нің жетекшісі жауапты болады.

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ЖН-ның мазмұнымен жеке танысқаны үшін ЖН-ның түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, осы ЖН-ның мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚБЖ жауапты болады.

9.6 Есепке алынған ЖН-ның даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.7 ЖН-ның есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ-не жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Азаматтық қорғау және еңбекті қорғау штабының жетекшісі



Ж.Б. Жумажанов

КЕЛІСІЛДІ:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Инновациялық даму және коммерцияландыру департаментінің директоры



Н.Б. Алимбекова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

Комплеанс-офицер



Г.Т. Байркенова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

